

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «5» қыркүйек №11 хаттама шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»**

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жарғысына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 05.12.2024 жылғы №62/24 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 5 желтоқсандағы №62/24 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ішкі аудит функциясы бойынша корпоративтік стандартына, сондай-ақ Ішкі аудиторлар халықаралық институты (The IIA) әзірлеген Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) құзыретін, мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін, сондай-ақ Қызмет басшысының өкілеттіктерін және Қызметтің директорлар Кеңесімен, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Басқармасымен және өзге де ұйымдармен өзара әрекеттесу тәртібін айқындайды.

3. Қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қызмет басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қызмет жұмысының тәртібін, Қызмет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, Қызмет қызметкерлерінің қызметін бағалау, Қызметтің штаттық кестесін бекіту Қоғам Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің (бұдан әрі – Аудит комитеті) алдын ала мақұлдауынан кейін Қоғамның Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

4. Қызмет басшысымен және қызметкерлерімен еңбек шарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма төрағасымен жасалады және бұзылады.

5. Қызмет қызметкерлері үшін әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлемдері Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қызмет басшысы мен қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Ереженің, еңбек шарттарының, Қоғамның ішкі құжаттарының негізінде әзірленетін және Аудит комитетінің төрағасы бекітетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес айқындалады.

7. Қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысы, органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қызмет жұмысын реттейтін құжаттарды қоса алғанда, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Қызмет өз қызметін ішкі аудиттің міндетті түрде қолданылуы тиіс Халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

8. Аудиторлық тапсырманы жоспарлау, орындау, рәсімдеу, нәтижелерін ұсыну және Қызмет ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібі, сондай-ақ Қызмет тәртібіне және қызметін бағалауға қойылатын негізгі талаптар Директорлар Кеңесі бекіткен және/немесе Аудит комитеті мақұлдаған ішкі құжаттармен реттеледі.

9. Осы Ережеде келесі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **ішкі аудит** – ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдік беру мен кеңес беру қызметі. Ішкі аудит ұйымның алға қойған мақсаттарына қол жеткізуіне ұйымды басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау мен арттыруға бағытталған жүйелі және бірізді тәсілді қолдану арқылы жәрдемдеседі;

2) **Стандарттар** – Ішкі аудиторлар халықаралық институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген ішкі аудиттің халықаралық стандарттары;

3) **тәуелсіздік** – ішкі аудит қызметінің өз міндеттерін объективті түрде орындауына кері әсерін тигізетін кез келген жағдайлардан еркін болу;

4) **объективтілік** – ішкі аудиторларға кәсіби пікірін өзгелердің ықпалына берілмей, бейтарап түрде білдіруге, өз міндеттерін адал орындауға және ішкі аудиттің мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін ойлау тәсілі;

5) **кепілдік беру** – мүдделі тараптардың ұйымды басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің қаралып отырған тақырыптық салалар немесе аудит объектілері бойынша белгіленген критерийлерге сәйкестігіне деген сенімін арттыруға арналған растау;

6) **кеңес беру қызметтері, кеңес беру** – ішкі аудиторлар мүдделі тараптарға кепілдік бермей және басқарушылық функцияларды өзіне алмай ұсынып отыратын ұсынымдар түріндегі қызметтер. Кеңес беру қызметтерінің сипаты мен көлемі тиісті мүдделі тараптармен келісу арқылы айқындалады;

7) **мүдделер қақтығысы** – ішкі аудитордың кәсіби пікірін объективті түрде білдіруіне немесе өз міндеттерін бейтарап орындауына әсер етуі мүмкін, не ондай әсер бар деген пікір тудыруы ықтимал жағдайлар, әрекеттер немесе қатынастар;

8) **Қоғамның компаниялар тобы** – Қоғам және Қоғамға меншік құқығы немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде тікелей немесе жанама түрде дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тиесілі ұйымдар;

9) **Басқарма** – Қоғамның алқалық атқарушы органы;

10) **атқарушы орган** – дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығында немесе сенімгерлік басқаруда тікелей не жанама түрде Қоғамға тиесілі ұйымның алқалы немесе дара атқарушы органы;

11) **Қызмет басшысы** – Қоғамда ішкі аудит функциясының барлық бағыттарын тиімді басқаруға, сондай-ақ ішкі аудит қызметтерін Ережеге және Стандарттарына сәйкес сапалы түрде ұсынуға жауапты басшы лауазымы.

2. Қызмет құзыреті

10. Қызмет Қоғамның компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару мен кеңес беру саласындағы құжаттардың орындалуы және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады.

11. Қызмет Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және оған өз жұмысы туралы есеп береді. Қызметтің қызметіне жетекшілікті Аудит комитеті Аудит комитетінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

12. Қызмет әкімшілік жағынан Басқармаға бағынады. Әкімшілік бағыныстылық мыналарды көздейді: Қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбекақыны уақтылы төлеу, Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде Қызметтің қызметіне қатысты тиісті бұйрықтар мен өкімдерді шығару; іссапарлар мен демалыстарға байланысты бұйрықтарды ресімдеу, сондай-ақ осы Ереже мен Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру. Басқарма әкімшілік бағыныстылықты Қызметтің тәуелсіздігі мен объективтілігіне ықпал ету үшін пайдаланбауға тиіс.

13. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде, оларды тиісінше орындау және объективті және тәуелсіз пайымдауларды қамтамасыз ету мақсатында қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болуға тиіс.

14. Қызметтің тәуелсіздігі мен объективтілігі ұйымдық Тәуелсіздік пен объективтілік өлшемдеріне қатысты стандарттар талаптарының сақталуымен қамтамасыз етіледі.

15. Қызмет өз жұмысында бейтарап және әділ және мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуі керек.

16. Қызмет басшысы ішкі аудитордың тәуелсіздігін және/немесе объективтілігін бұзылуын немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты, оның ішінде Қызметтің мүдделері қақтығысы немесе құқықтары мен өкілеттіктерін шектеу түрінде көрінетін кез келген жағдайлар туралы Аудит комитетін уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

17. Қызмет басшысына және қызметкерлеріне қызмет мәртебесіне, Қоғам Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолдануға болмайтын құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

18. Қызмет қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

3. Қызмет мақсаттары

19. Қызметтің негізгі мақсаты – Қоғамның компаниялар тобының құнын қалыптастыруға, қорғауға және сақтауға бағытталған тәуелсіз, тәуекелдерді

бағалауға негізделген объективті кепілдіктерді, пікірлерді, ұсынымдар мен болжамдарды ұсына отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына, сондай-ақ Компаниялар тобының атқарушы органдарына стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдесу.

20. Ішкі аудит:

- Қоғамның компаниялар тобы өз мақсаттарына табысты қол жеткізуіне;
- Қоғамның компаниялар тобын басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жетілдіруге;
- Қоғамның компаниялар тобында қабылданатын шешімдер мен қадағалаудың сапасын арттыруға;
- Қоғамның компаниялар тобына қатысты мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға және оның беделін нығайтуға;
- Қоғамның компаниялар тобының қоғам игілігіне қызмет ету қабілетін жақсартуға жәрдемдеседі.

4. Міндеті мен функциялары

21. Қызметтің негізгі міндеттері:

- 1) Ішкі бақылау жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 2) Тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 3) Корпоративтік басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 4) Бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау;
- 5) Қоғамның Компаниялар тобы қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау, сондай-ақ Қоғам органдары шешімдерінің орындалуын бағалау (комплаенс-бақылау);
- 6) Қоғамның Компаниялар тобының ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау;
- 7) Қоғамның Компаниялар тобында алаяқтық жасау тәуекелін және алаяқтық тәуекелділікті басқару тиімділігін бағалау;
- 8) Қоғамның Компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беру.

22. Қызмет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіппен келесі функцияларды орындайды:

- 1) Қоғамның Компаниялар тобындағы ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігі мен тиімділігін бағалау;
- 2) Қоғамның Компаниялар тобындағы тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау;
- 3) корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарын, тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды, мақсаттарды қою және оларға қол жеткізуді мониторингілеу/бақылау тәртібін енгізуді және сақтауды бағалауды қоса алғанда, корпоративтік басқару жүйесін бағалау (диагностикалау);
- 4) Қоғамның стратегиясы мен мақсаттарына ақпараттық технологияларды басқару жүйесінің сәйкестігін бағалауды қоса алғанда, Қоғамның Компаниялар тобындағы ақпараттық жүйелер мен ақпараттық қауіпсіздік аудиті;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қоғам компаниялары тобындағы ішкі құжаттардың талаптарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қоғам органдары мен оның еншілес ұйымдары шешімдерінің орындалуын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

6) Алаяқтық тәуекелдерін және Қоғамның компаниялар тобындағы алаяқтық тәуекелін басқарудың тиімділігін бағалау. Бұл ретте алаяқтық фактілерін анықтау және тергеп-тексеру Қызметтің негізгі функциясы болып табылмайды. Қызмет қызметкерлері алаяқтық фактілерін тергеп-тексеруге кеңесші/бақылаушы ретінде тартылуы мүмкін және тергеп-тексеру нәтижелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін жауапкершілікке тартылмайды;

7) Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қоғамның компаниялар тобында қолданылатын шаралардың сәйкестігін бағалау;

8) «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) стандарттарының талаптарына және шешімдеріне/ұсынымдарына сәйкес Қызмет жұмысын реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу;

9) Директорлар кеңесіне, Басқарма/атқарушы органға, Қоғамның компаниялар тобының құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды ұйымдастыру және жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша (осы салалардағы ішкі құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда), сондай-ақ Қызмет құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша кеңес беру (ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін сақтай отыра). Консультациялық қызметтер көрсету тәртібі Қызмет жұмысын реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады;

10) Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшелері және/немесе уәкілетті мемлекеттік органдар бастамашылық жасаған Қоғамның компаниялар тобында жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалар жүргізу;

11) Директорлар кеңесін (Аудит комитетін), Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерін, Қоғамның Компаниялар тобының атқарушы органдарының басшыларын аудит/тексерулер нәтижелері туралы хабардар ету, аудит/тексерулер барысындағы анықтаулар мен кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар және ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, Қоғамның компаниялар тобының қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар беру;

12) Қоғамның сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асыру;

13) Қоғамның компаниялар тобының қызметін жетілдіру жөніндегі Қызмет ұсынымдарының орындалуына мониторингті және кейіннен бақылауды жүзеге асыру;

14) Қоғамның компаниялар тобындағы өзге де ішкі және сыртқы тараптармен, сондай-ақ кепілдік мен консультациялық қызметтер көрсететін өзге де ұйымдармен, соның ішінде аудит пен ревизияны жоспарлау және өткізу мәселелері бойынша ақпарат алмасу және қызметті үйлестіру, сондай-ақ ішкі

аудит қызметтеріне, Қоғамның еншілес ұйымдарындағы ревизиялық комиссияларға (бар болған жағдайда) жетекшілік ету және әдіснамалық қолдау көрсету;

15) Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті шеңберінде Қоғамның компаниялар тобында ішкі бақылау жүйесінің жай-күйі туралы ақпарат беруде сыртқы аудиторға жәрдем көрсетуді және Қоғамның сыртқы аудитормен кездесулер өткізуді қоса алғанда, Қоғамның сыртқы аудитормен өзара әрекетті жүзеге асыру;

16) Бюджеттік, инвестициялық жоспарлау және өзге де мәселелер бойынша комитеттердің жұмысына дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде қатысу;

17) Аудит комитетінің төрағасымен келісу арқылы Қоғамның компаниялар тобының жұмыс топтарына және комиссияларына, сондай-ақ Қоғам үшін маңызы жоғары жобаларға қатысу;

18) өз құзыреті шегінде осы Ережеде айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге және міндеттерді шешуге бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру.

23. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау барысында белгіленген тәртіппен Қоғамның компаниялар тобының барлық құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

5. Қызмет жұмысындағы шектеулер

24. Өз функцияларын орындау барысында тәуелсіздік және объективтілік қағидаттарын сақтау мақсатында Қызмет басшысы мен қызметкерлері:

1) кейін ішкі аудиттің нысанына айналуы мүмкін кез келген қызмет түріне қатысуға және аудит жүргізіліп жатқан кезең ішінде өздері атқарған қызметке немесе функцияларға аудит жүргізуге;

2) осы Ережеге сәйкес Қызмет қызметіне байланысты емес Қоғамдағы функционалдық міндеттерді орындауға;

3) Қызмет басшысы мен қызметкерлерін бағалаудың бейтараптылығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіру ретінде қабылданатын қандай да бір қызметке қатысуға;

4) Қоғам құратын комитеттердің немесе өзге де жұмыс топтарының/комиссиялардың құрамына олардың дауыс беру құқығы бар мүшелері ретінде енгізілуге (көрсетілген жұмыс топтарының жұмысында Қызмет басшысы мен қызметкерлері дауыс беру құқығынсыз консультанттар ретінде ғана тартылуға тиіс);

5) қызметкерлер белгіленген тәртіппен аудиторлық топтардың құрамына тағайындалған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне басшылық жасауға;

6) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін немесе Қоғамның компаниялар тобына зиян келтіруге қабілетті кез келген басқа тәсілмен пайдалануға жол бермеуі тиіс.

6. Қызметтің құқықтары мен өкілеттіктері

25. Негізгі міндеттерін орындау және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында Қызмет келесі құқықтар мен өкілеттіктерге ие:

1) қызметкерлерге, өндірістік және өзге де объектілерге, ішкі аудит жүргізуге байланысты сұратылатын барлық құжаттамаға және кез келген ақпаратқа, оның ішінде Қоғамның компаниялар тобының коммерциялық және қызметтік құпияларын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа кедергісіз қол жеткізу;

2) бейтарап режимде тұрақты негізде, яғни енгізу және түзету құқығынсыз есептік деректердің ақпараттық базасына (бухгалтерлік есепке арналған компьютерлік бағдарламалар, технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері, ақпараттық жүйелер, электрондық құжат айналымы және т.б.) кедергісіз қол жеткізу;

3) Қордың, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Қоғам компаниялары тобының басқару және атқарушы органдарының бекітуіне шығарылатын материалдарды, оның ішінде құжаттардың жобаларын сұратуға және алуға, сондай-ақ көрсетілген органдардың барлық бұйрықтарын/хаттамаларын алу;

4) егер оған қажеттілік ағымдағы аудиторлық тапсырманы жүргізу барысында анықталған және оның орындалуы ағымдағы тапсырманың нәтижесіне әсер еткен жағдайда, Аудит комитеті төрағасының келісімімен қосымша аудиторлық тапсырманы (жоспардан тыс) өткізуге бастамашылық жасау;

5) Қос жұмысты тиісінше қамтуды және барынша азайтуды қамтамасыз ету мақсатында кепілдіктер мен консультациялар беру бойынша қызметтер көрсететін басқа ішкі және сыртқы тараптармен ақпарат алмасуға және қызметті үйлестіру;

6) Қызметтің жоспарлы іс-шараларын әзірлеу және Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша жекелеген тапсырмаларды орындау үшін тар бейінді мәселелер бойынша консультациялар алу мақсатында белгіленген тәртіппен Қоғамның компаниялар тобының құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тәуелсіз сарапшылар ретінде, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың мамандарын (аудит объектісінде алдыңғы аудит кезеңіне дейінгі күнтізбелік жылы қызмет атқарған немесе қандай да бір функцияларды орындаған тұлғалардан басқа) тарту;

7) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қорға, Қоғамның компаниялар тобының ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелеріне жазбаша сұрау салулармен жүгінуге;

8) Қызмет персоналының аудиторлық тапсырманы немесе тапсырманың бір бөлігін орындау үшін жеткілікті білімі мен дағдылары болмаған жағдайда, белгіленген тәртіппен тәуелсіз консультанттарды тартуға немесе аудиторлық тапсырмаларды орындау үшін косорсингті пайдалануға;

9) Қызметтің тәуелсіз бюджетін қалыптастыру және оны Аудит комитетінің немесе Директорлар кеңесінің қарауына енгізу. Бұл ретте Қызмет бюджетінің тәуелсіздігі – Басқарма тарапынан Қызмет жұмысына ықпал ету мақсатында қандай да бір шектеулердің болмауын білдіреді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, осы Ережеге, Қоғамның ішкі құжаттары мен стандарттарына қайшы келмейтін өзге де құқықтар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру.

26. Қызмет басшысы келесі өкілеттіктерге ие:

1) ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша және шешімдерді келісу құқығынсыз қызмет құзыреті шеңберінде өзге де мәселелер бойынша Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелері өткізетін кеңестер мен іс-шараларға қатысу;

2) Директорлар кеңесінің және Аудит комитетінің төрағасы мен мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, сондай-ақ Қоғамның компаниялар тобының басшыларына Қызмет жұмысы мәселелері бойынша тікелей жүгіну және Қызмет басшысы мен Директорлар кеңесі/Аудит комитеті арасында жабық кездесулер өткізуге бастамашылық жасау;

3) Қызметтің сандық құрамын, штаттық кестесін, еңбекақы төлеу жүйесін, өкілеттік мерзімін, Қызмет қызметкерлерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қызметтің жұмыс тәртібі, Қызмет қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары, Қызметті ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету, Қызметтің бюджеті, сондай-ақ Қызмет қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейін арттыру (жылына кемінде бір рет) мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу;

4) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит комитетінің отырысын шақыруға бастамашылық жасау;

5) Қызмет жұмысының мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға және өзге де заңды тұлғаларға сауалдармен және хаттармен жүгіну;

6) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында Қызмет қызметкерлерінің міндеттерін ротациялауды жүзеге асыру (мерзімдік немесе мақсатқа сай);

7) Қызметтің тиімділігін бағалау кезінде кезең қорытындысы бойынша Қызмет қызметкерлерінің мақсаттарының орындалуы туралы есептерді бекіту.

8) Қызметтің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру және шешімдер қабылдау.

7. Қызметтің және оның басшысының жауапкершілігі

27. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуына және өз қызметінде Стандарттардың сақталуына жауап береді.

28. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері белгіленген тәртіппен лауазымдық нұсқаулықтарға, еңбек шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне жүктелген функциялардың сапасы мен уақтылы орындалуына, сондай-ақ Қызмет қызметін регламенттейтін Стандарттар мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуына дербес жауапты.

29. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері белгіленген тәртіппен өзіне сеніп тапсырылған мүліктің сақталуына және коммерциялық құпияның және

тізбесі Қоғамның компаниялар тобының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де құпия ақпараттың жария етілуіне дербес жауапты.

30. Қызмет қызметкерлері ішкі аудитордың тәуелсіздігін және/немесе объективтілігін бұзылуы бақылануы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты, оның ішінде ішкі аудитордың мүдделер қақтығысы немесе өкілеттіктерін шектеу түрінде көрінетін кез келген жағдайлар туралы Қызмет басшысын уақтылы хабардар етуге міндетті.

31. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша еңбек тәртібін бұзғаны, жүктелген еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қызмет басшысына және қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

32. Қызмет басшысының және қызметкерлерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды өтеу тәртібі (ол болған кезде), сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жөніндегі рәсімдер осы Ережеде көзделген шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Директорлар кеңесіне, Аудит комитетіне ақпарат беру

33. Қызмет басшысы Директорлар кеңесі мен Аудит комитетіне Қызмет жұмысы туралы есептерді келесі мерзімдерде ұсынады:

1) тоқсандық – есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

2) жылдық – есептік жылдан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей.

34. Қызметтің жұмысы туралы есептерді Аудит комитеті Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлей отырып алдын ала қарастырады.

35. Қоғамның компаниялар тобының қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы мәліметтерді қамтитын аудиттік тапсырмалар нәтижелері бойынша Қызметтің есептері олар дайындалғаннан кейін бірден Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне ұсынылуы тиіс.

36. Аудит комитеті мен Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысы туралы есептерді қарастырады және белгіленген жұмыс регламентіне және Аудит комитеті мен Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне сәйкес шешімдер қабылдайды.

37. Қызмет жұмысы туралы есептер Аудит комитетінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына, ал үшінші тұлғалардың сұраулары бойынша Аудит комитеті төрағасының келісімі бойынша ұсынылады.

9. Қызметтің Басқармамен/атқарушы органмен өзара әрекеттестігі

38. Басқармамен/атқарушы органмен өзара әрекеттесу аясында Қызмет:

1) Басқарманың аудит жүргізу және консультациялар беру жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып, жылдық аудиторлық жоспарды қалыптастырады;

2) Директорлар Кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарды Басқарма мүшелеріне ақпараттандыру мақсатында ұсынады;

3) Басқарма/атқарушы органдарының мүшелеріне аудиторлық тапсырманың немесе консультациялар беру жөніндегі қызметтің нәтижелері бойынша жасалған аудиторлық есепті/қорытындыны ұсынады;

4) Басқарма/атқарушы органдарының мүшелерімен аудит нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері жөнінде талқылайды және ұсыныстар енгізеді.

39. Басқарма міндетті:

1) Қызметтің өз міндеттері мен функцияларын толыққанды және кедергісіз орындауына ықпал ететін ішкі бақылаудың тиімді ортасын құруды қамтамасыз етуге;

2) Қызметке тар бейінді мәселелер бойынша консультациялар алу үшін сарапшылар ретінде Қоғамның компаниялар тобы құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарту мәселелерінде жәрдем көрсетуге;

3) Қызметтің есептерін уақтылы қарауды, Қызметтің қабылданған ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және бекітуді және олардың орындалуы туралы есептілікті ұсынуды қамтамасыз етуге;

4) белгіленген тәртіппен Қоғамның бюджетіне Аудит комитеті немесе Директорлар кеңесі мақұлдаған/бекіткен Қызмет бюджетін қосуды қамтамасыз етуге;

5) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіппен ішкі аудит саласындағы кез келген қызметтің косорсингін пайдалануды қамтамасыз етуге;

6) Қызметті әкімшілік (ұйымдастырушылық-техникалық) қамтамасыз етуді.

10. Қорытынды ережелер

40. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.

41. Қызмет басшысы осы Ережеге өзгерістер/толықтырулар енгізу қажеттігі туралы мәселені үнемі қарастырады.